

Диаграмма 5- Среднее содержание элементов-загрязнителей по исследованным пробам из ущелья Машат и города Шымкент

вы действия микроэлементов. – Л.: Медицина, 2001.

3. Скальный А.В. Мониторинг и оценка риска воздействия свинца на человека и окружающую

среду с использованием биосубстратов человека. // Токсикологический вестник. - 1997.

4. Каббата-Пендиас Х.Г. Микроэлементы в почвах и растениях. М.: Мир, 1998.

Шымкент қаласы мен Машат шатқалындағы қос мекенділерінің биоиндикациялық анализі

Х.М. Сартаева, Н.А. Раимбердиева, К.Ж. Қоразбекова, М.Т. Танатарова

Мақалада Шымкент қаласы мен Машат шатқалындағы қос мекенділердің биоиндикациялық анализі берілген.
Түйінді сөздер: биоиндикациялық зерттеулер, мониторинг, қос мекенділер.

Bioindikacionnyy analysis amphibious from gorge Mashat and city Shymkenta

H.M. Sartaeva, N.A. Raimberdyeva, K.ZH. Korazbekova, M. Tanatarova

In article are given results биоиндикационного analysis amphibious from gorge Mashat and SHymkenta.
Key words: биоиндикационные studies, monitoring, amphibious.

ӨОК 613.95:616-053.2/5-574.51.52.3/

АЛМАТЫ, ТАРАЗ, ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАЛАРЫНДА ТҰРАТЫН МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ АРАСЫНДА ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРІС НЕГІЗІНДЕ АНЫҚТАЛҒАН АУРУ КЛАСТАРЫНА СИПАТТАМА

А.М. Төлемісова

Алматы қаласындағы дәрігерлердің мемлекеттік білімін жетілдіру институты

Балалар мен жасөспірімдер өздерінің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты сыртқы ортаның ластануына өте сезімтал болып келеді. Қоршаған орта нысандарының қандайда бір сапалық деңгейдегі өзгерісі олардың арасындағы жалпы сырқаттылық деңгейінің артып, тыныс жодары, жүйке жүйесі, сезім мүшелеріндегі өзгерістер мен алуан түрлі аллергозды сырқаттар мен физикалық өсіп-жетілу көрсеткіштеріндегі ауытқушылықтарға әкеліп соқтырады.

Түйінді сөздер: Балалар, аурушандық көрсеткіштері, салыстырмалы зерделеу, меткп жасындағы балаларды медициналық тексеріспен қамту.

Жалпы зерттеумен қамтылған 1999-2005 жылдардағы тереңдетілген медициналық тексеріс негізінде анықталған балалар мен жасөспірімдердің аурушандық деңгейлері әр қалада әртүрлі шамада белгіленгенімен, зерттеу жылдарының басындағы жылдармен салыстырғандағы аурушандық көрсеткіштері барлық қалаларда бірдей жылдан жылға артып отырғандығы байқалған (кесте 1).

Алматы қаласында 1999 жылғы тіркелген 61363,2 көрсеткіші 2004 жылы 89451,7 мөлшерінде белгіленіп, республикалық деңгейден 1,4 есеге дейін артқандығы анықталды. Осы қаланың таза аудандарындағы балалар арасында анықталған

аурушандық көрсеткіштері ластанған аудан көрсеткіштерімен салыстырғанда анағұрлым төмен екендігі төменгі берілген кестеде айқын көрсетілген.

Тараз қаласындағы балалар мен жасөспірімдердің аурушандық деңгейлеріндегі ең жоғарғы шама 2005 жылы тіркелініп, республикалық деңгейден 1,2 есеге дейін артқандығы анықталған. Ал Қарағанды қаласындағы осы көрсеткіш бойынша ауытқушылық деңгейі 2005 жылы республикалық деңгейден 1,3 есеге артқан. Бұл белгіленген шама осы жылғы бақылау ауданында тіркелген көрсеткіштен 1,4 есеге артық болғандығы тіркелінді (кесте 1).


Кесте 1 - Зерттеуге алынған қалалардың ластану деңгейі әр түрлі аудандарында тұратын мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің 1999 -2005 жылдардағы салыстырмалы негіздегі жалпы аурушандық көрсеткіштері (100 000 мың халық санына шаққанда)

Зерттеу жылдары	Республикалық көрсеткіш	Қала аттары								
		Алматы			Тараз			Қарағанды		
		Тәжірибе тобы (лас аудан)	Бақылау тобы (таза аудан)	«Р»	Тәжірибе тобы (лас аудан)	Бақылау тобы (таза аудан)	«Р»	тобы (лас аудан)	Бақылау тобы (таза аудан)	«Р»
1999	61363,2	75451,2 ±305,3	59432,3 ±285,0	<0,01	69516,3 ±248,5	55781,5 ±225,2	<0,01	66542,4 ±195,4	59576,4 ±178,9	<0,05
2000	67434,5	78615,7 ±319,3	60462,0 ±275,4	<0,01	74402,5 ±245,3	56765,4 ±215,9	<0,01	69825,7 ±210,4	54544,8 ±195,0	<0,01
2001	69920,4	82467,5 ±345,0	61432,4 ±315,5	<0,001	79562,5 ±285,5	56326,5 ±235,4	<0,001	76455,3 ±225,6	55577,3 ±210,3	<0,001
2002	70322,4	84455 ±355,3	61575,8 ±325,3	<0,001	80566,1 ±295,5	57576,3 ±265,5	<0,001	82356,4 ±230,5	57455,3 ±216,5	<0,001
2003	72678,5	86915,4 ±335,0	63892,4 ±315,4	<0,001	83586,5 ±286,4	63315,5 ±245,3	<0,001	79672,9 ±265,4	55561,6 ±255,4	<0,001
2004	69890,8	89451,7 ±342,3	64572,7 ±317,4	<0,001	82672,6 ±275,5	61432,3 ±250,5	<0,001	84576,6 ±230,5	58655,5 ±214,5	<0,001
2005	71756,4	87435,5 ±319,2	56472,4 ±302,4	<0,001	84460,5 ±275,4	62546,7 ±255,9	<0,001	86839,9 ±274,5	61476,4 ±255,7	<0,001

Жалпы Алматы қаласындағы балалардың жалпы аурушандық көрсеткіштеріндегі ауытқушылықтар зерттеу жылдарының басында республикалық көрсеткішпен деңгейлес болса 2004 және 2005 жылдары тәжірибе аудандарында 18% және 22% мөлшеріне дейін артқандығы байқалды. Ал бақылау тобындағы, таза аудан балаларының аурушандық көрсеткіштері зерттеу жылдарының барлығында дерлік орташа шамамен республикалық деңгейден 7,5-8,0% төмен болғандығы анықталды (сурет 1).


Тараз қаласындағы балалардың жалпы аурушандық көрсеткіштеріндегі 1999 жылғы тіркелінген 69516,3 және 55781,5 деңгейлердегі көрсеткіштер, 2000 жылы күрт қарқын алып, тәжірибе тобындағы деңгей 74402,5 дейін артқан.

Бұл шама бақылау тобымен салыстырғанда 23,9%, ал орташа республикалық шамадан 4,8% мөлшерге дейін артқаны тіркелінген. Зерттеу жылдарының соңында, яғни 2004 және 2005 жылдары тәжірибе




Сурет 1 - Алматы қаласындағы балалар мен жасөспірімдердің жалпы аурушандық көрсеткішінің динамикасы

топтарындағы көрсеткіштік деңгей 82672,6; 61432,3 мөлшерлерінде анықталса, бақылау тобымен салыстырғандағы деңгейі 23,1%, 26,4% мөлшерге, ал республикалық деңгейден 15,5% және 15,1% мөлшерге жоғары екендігі тіркелінген (сурет 2).



Сурет 2 - Тараз қаласындағы зерттеу топтарындағы балалар мен жасөспірімдердің аурушандық көрсеткіштерінің салыстырмалы түрдегі қарқыны



Сурет 3 - Қарағанды қаласындағы балалар мен жасөспірімдердің аурушандық деңгейлерінің республикалық көрсеткішпен салыстырғандағы қарқыны

Бұл шамалардың арасындағы алшақтық 2004 және 2005 жылдары да сақталынып, бақылау тобымен салыстырғандағы айырмашылық 31,7% және 29,3% мөлшерлерінде болды. Тәжірибе тобында анықталған бұл шамалар республикалық деңгеймен салыстырғанда 2004 жылы 17,4% мөлшерге және 2005 жылы 17,3% мөлшерге жоғары болғандығы анықталды.

Бақылау топтарындағы қала аралық көрсеткіштік деңгейлерді өз ара салыстыра келгенде ең жоғарғы балалардың аурушандық шамасы 2004 жылы Алматы қаласы балалары арасында 89451,7 мөлшерінде тіркелініп, республикалық деңгейден 21,8% шамаға, Тараз қаласы көрсеткішінен 8,1%, Қарағанды қаласы балалары көрсеткішінен 5,5% деңгейге басым болғандығы байқалды.

Қорытынды:

1. Жалпы аурушандық деңгейлері көрсеткіштерінің басым түрдегі үрдісі Алматы қаласында байқалып, Тараз қаласы көрсеткіштерінен орта есеппен 4,2% мөлшерге, ал Қарағанды қаласында

Осы жылдардағы бақылау топтарындағы көрсеткіштер республикалық деңгейден 12,2% – 12,9% мөлшерге төмен болғандығы осы аудандардағы балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайларындағы айтарлықтай ауытқушылықтардың болмағандығына дәлел бола алды.

Қарағанды қаласындағы балалардың жалпы аурушандық көрсеткіштеріндегі 66542,4 және 59576,4 мөлшерлік көрсеткіштер, басқа жылдардағы көрсеткіштермен салыстырғанда төменгі деңгейде қалып, 2001 жылдан бастап балалардың жалпы аурушандық шамаларындағы қарқынды үрдісіне байқалған. Зерттеумен қамтылған жылдардың 2001 жылы тәжірибе тобындағы деңгей 76455,3 мөлшерге артса, ал бақылау тобындағы анықталған 55577,3 көрсеткіштік деңгейімен салыстырғанда 27,4% мөлшерге, республикалық шамаға қатысты деңгейі 8,6% артық тіркелінгені белгілі болды (сурет 3).

белгіленген аурушандық көрсеткіштерінен 5,8% мөлшерге басым болғандығы анық болды.

2. Зерттеумен қамтылған қала балаларының арасында тіркелген негізгі ауру кластарын талдай келгенде, тәжірибе және бақылау топтары арасындағы айтарлықтай шамадағы айырмашылықтардың бар екендігі белгілі болды.

Әдебиеттер

1 Смоляр В.И. Балалар мен жасөспірімдердің өсуіндегі гигиеналық мәселелер. Киев, Денсаулық, 1985, 128 с.

2 Ямпольская Ю.А, Мектеп жасындағы балалардың физикалық дамуын сараптау // Гигиена және тазалық. -1981, №12, с.47-50.

3 Мырзабаева Б.М. Қазақстанның эпидемиялық жайсыз аудандарындағы балалар мен жасөспірімдердің физикалық дамуын зерделеу. Алматы қаласының тамақтанудың аймақтық мәселелері институты // гигиена және тазалық. -2001.№8. С. 50-51.

4 Микрошевская Н.Н. Памир тауларында тұратын балалар мен жасөспірімдердің өсіп-

жетілуіндегі ерекшеліктер. // Адам өміріндегі элеуметтік және биологиялық факторлардың арақатынасы кітабынан. – М. 1975 жыл – 52-55 беттер.

5 Максимова Т.М. Халықтың элеуметтік тұрғыдан қайта қалыптасуы кезіндегі балалардың физикалық дамуы // медицина тарихы мен гигиена мәселері, 1998, №2, с. 14-18.

Анализ классов болезней выявленных в результате медицинских осмотров детей проживающих в городах Алматы, Тараз, Караганды

А.М. Толемисова

Дети в силу своих анатомо-физиологических особенностей наиболее восприимчивы к воздействию всех внешних загрязнителей. Изменения качества окружающей среды приводит к росту общей заболеваемости детей, особенно верхних дыхательных путей, нервной системы, органов чувств, аллергозов и ухудшение физического развития их.

Ключевые слова: дети, показатели заболеваемости, сравнительный анализ, медицинский осмотр школьников.

Analysis of the classes of the diseases revealed as a result of physical examinations baby living in city Almaty, Taraz, Karagandy

А.М. Tolemisova

The Children on the strength of their own anatomist-jziologist of the particularities most to influence all external. Change quality surrounding ambiances brings about growing of the general disease baby, particularly upper respiratory ways, nervous system, organ feeling and deterioration of the physical development them.

Key words: children, factors to diseases, benchmark analysis, physical examination schoolboy.

ӨОК 613.955:808.2/.574

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘР ТҮРЛІ АУДАНДАРЫНДА ТҮРАТЫН
МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОРЫС БАЛАЛАРЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ
КӨРСЕТКІШТЕРІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

А.М. Толемисова, Г.Т. Байдалина

Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институты

Алматы қаласының орыс балаларының физикалық көрсеткіштеріндегі ерекшеліктер негізінен жергілікті қазақ балаларының өсіп – жетілу заңдылықтарына ұқсас келеді. Соған қарамастан бастауыш сынып оқушыларынан басқа балалар көрсеткіштерінде айтарлықтай өзгешеліктердің орын алғаны тіркелді. Анықталған өзгерістер балалардың өсіп–жетілу құбылысындағы ауытқушылықтар мен қоршаған орта факторларының арасындағы корреляцияның бар екендігіне мысал бола алады.

Түйін сөздер: Бақылау тобы, ластанған аудан, шынайылық деңгейі, корреляция.

Жаөспірімдер пубертаттық кезеңге әр түрлі деңгейде келгенімен олардың жалпы даму динамикасындағы заңдылықтар біртұтас болатыны анық. Басқалай айтқанда «пубертаттық кезең» балалардың өсіп – жетілу құбылыстары қатаң түрдегі заңдылықтар шеңберінде іске асырылатын «генетикалық жоспарланған» құбылыс екендігі белгілі. Алайда осы құбылыстардың дамуы мен тұрақтануына кедергі келтіру немесе қандай да бір сырқы орта факторларының қолайсыз әсері физикалық көрсеткіштердің деңгейі мен балалар денсаулығына айтарлықтай кері әсерін тигізуі әбден мүмкін.

Осы бағытта жүргізілген біздің зерттеулерімізде;

Алматы қаласының таза және ластанған аудандарында тұратын орыс ұлты ұлдары мен қыздарының өсіп-жетілу көрсеткіштеріне қоршаған орта факторларының әсерін белгілеу мақсатындағы анықталған айырмашылықтар келтірілген заңдылықтарға дәлел болатыны сөзсіз.

Белгіленген стандарттық көрсеткіштермен салыстырғанда Алматы қаласының ластанған аудандардағы орыс ұлдарының бой көрсеткіштері орташа есеппен 9-11см (мүмкін болатын қателік деңгейі 0,1% жоғары емес, яғни шынайылық көрсеткіші $P < 0,001$) кем болып, ал осы топтар арасындағы ең жоғарғы ауытқушылық деңгейлері 13-14 жас аралығында тіркелген (Кесте1).